Түркістан облысы Шардара ауданы
№12 жалпы орта мектеп

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
Д.Ту[illegible]пов

Келісемін
Оқу ісінің меңгерушісі:
[illegible].Турманова

ӘБ жетекшісі:
А.Бохаева

# Перспективалық күнтізбелік жоспар
# мектепалды даярлық сыныбы

*Сыныбы: МАД «Балапан»*

*Сынып тәрбиешісі: Жаукимова Н*



2023-2024 оқу жылы

## ТҮСІНІК ХАТ

2023-2024оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру үшін ҚР оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды. Осы Стандарттың негізінде жасалған және 2022 жылдың 1 қыркүйегінен қолданысқа енгізілген Үлгілік оқу жоспары қоланылатын болады.

Педагогтерге бағыт бағдар ретінде, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы «әдістемелік нұсқаулық хат» негізге алынады www.irrd.kz

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

*Тәрбиелеу мен оқыту процесін жүзеге асыруда тәрбиешілер мен педагогтер ҚР ОАМ №130 бұйрығымен бекітілген 3 құжатты жүргізеді: перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы.*

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

*Стандарт негізінде және ҮОЖ сәйкес* физикалық дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
3) сөйлеуді дамыту;
4) көркем әдебиет;
5) сауат ашу негіздері;
6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
7) сенсорика;
8) математика негіздері;
9) құрастыру;
10) қоршаған ортамен таныстыру;
11) сурет салу;
12) мүсіндеу;
13) жапсыру;
14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Ерекше балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясын дамытуға және түзету жұмыстарын жоспарлауға негіз болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады.

Сонымен қатар осы айтылған стандарттың екінші тарауына байланысты балабақшаның бағытына байланысты әзірленіп, бектілген дамытушы бағдарламасы болса көрсетіледі және соның вариативтік оқу жоспары жалғанады. (ЕГЕР БАР БОЛСА)

## 2023-2024 оқу жылының демалыс күндері

| | | |
|---|---|---|
| Демалыс күндері | ***Күзгі*** | **30.10.23-05.11.2023 ж.** |
| | ***Қысқы*** | **29.12.23-07.01.2024 ж.** |
| | ***Көктемгі*** | **21.03.24-31.03.2024ж..** |
| | ***Қосымша демалыстар*** | **05.02.24-11.02.2024 ж** |
| | ***Оқу жылының  мерзімі*** | **01.09.23-25.05.2024 ж.** |

## Сабақ кестесі

| **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | Сауат ашу негіздері | Сауат ашу | Сауат ашу | Көркем әдебиет |
| Қоршаған ортамен таныстыру (жаратылыстану) | Математика негіздері | Математика негіздері | Математика негіздері | Қоршаған ортамен таныстыру (жаратылыстану) |
| Қазақ тілі | Қазақ тілі | Сөйлеуді дамыту | Көркем әдебиет | Шығармашылық (құрастыру,мүсіндеу,сурет,жапсыру) |
| Дене шынықтыру | Музыка | Дене шынықтыру | Дене шынықтыру | Музыка |

## 2023-2024 оқу жылы

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті | Аптасына өткізілу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 часа |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 часа |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Көркемәдебиет | | 2 часа |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 часа |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 часа |
| | Танымдық, зерттеу әрекеттері | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | | 2 часа |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу | күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 час |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық әрекет, бейнелеу | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 часа |
| | Музыка **** | күн сайын | |
| 8 | | - | 20 |

## Түсініктеме

«Дене шынықтыру» бойынша әдістемелік нұсқау жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген*).

1. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген*);
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген*).

Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасындағы «Денсаулық» білім беру саласында «Денешынықтыру» ҰОҚ-сына төмендегідей мақсат пен міндеттер көрсетілген:

**Мақсат:** денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру.

**Міндеттер:**

- дене сапаларын қалыптастыру;
- тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру;
- негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту;
- шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дың түрлі нысандарында дамыту;

балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімділігіне, жалпақтабандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу

**Дене шынықтыру іс-әрекетінің ұйымдастырылған перспективалық жоспары  105 (3)  сағ.**

| р\с | ҰҚ тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты мен    міндеттері: | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қыркүйек айы  13 сағат** | | |
| 1 | Спортзал | Балаларды сапқа тұрғызу, бір тізбекте саппен жүруге, жүгіруге жаттықтыру. Баланың екі адымындай қашықтыққа қойылған текшелер арқылы өте отырып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өту. | 1 | 04.09 |
| 2 | Спортзалда ойнаймыз | Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. | 1 | 06.09 |
| 3 | Денсаулықтың құпиялары | Белгіленген орынға биіктіктен секіруді; гимнастикалық орындық үстінде қырымен аяқты аяқтың жанына қоя жүруді; жүгіріп келіп биіктікке секіруді үйрету. Екі аяқтап секіру. Доп лақтыру және оны қағып алу жаттығулары. | 1 | 07.09 |
| 4 | Күлкі сыйла | Заттар арасынан екі аяқпен секіріп жүруді, шығыршықты тігінен ұстап тұрып, оның ішінен сәл еңкейіп өтуді үйрету. Доппен ойын – жаттығулары. | 1 | 11.09 |
| 5 | «Біз күшті ержүрекпіз» | Допты бір біріне лақтыру. Орындық үстімен еңбектеу және тепе – теңдікті сақтау жаттығулары | 1 | 13.09 |
| 6 | Мен ойнағанды жақсы көремін | Секіру және доппен жасалатын ойын – жаттығулары | 1 | 14.09 |
| 7 | Керуен | Азия халықтарының  ойындарымен таныстыру. Бір аяқпен әртүрлі бағыта секіру түрлерін орындау.Достыққа тәрбиелеу. | 2 | 18.09<br>20.09 |
| 8 | «Бадминтон  футбол» | Қатарға тұруға жаттықтыру, 2-3 тізбекті сапта шашырап жүгіріп, содан соң тізбектегі орнын табуды; допты жоғары лақтырып, оны екі қолмен қағып алуға үйрету. | 2 | 21.09<br>25.09 |
| 9 | Күзгі орманда | Бөрене үстінен екі аяқпен секіру және допты кеуденен екі қолмен лақтыру жаттығулары | 1 | 27.09 |
| 10 | «Ұлттық ойындар» (таза ауада) | Денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру. | 2 | 28.09<br>02.10 |
| | | **Қазан айы  12  сағат** | | |
| 11 | Қалай спортшы  болуға болады? | Допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары | 2 | 04.10<br>05.10 |
| 12 | Менің сүйікті жануарларым | Біресе аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру. | 1 | 09.10 |
| 13 | Дене қабілетін дамыту | Денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру | 2 | 11.10<br>12.10 |
| 14 | Доппен ойнап көңіл көтеру! | Допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары | 1 | 16.10 |
| 15 | Біз  әртүрліміз | Кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту | 1 | 18.10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | Зейінді баламыз | Денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау | 1 | 19.10 |
| 17 | Бірінші бол! | Бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру | 1 | 23.10 |
| 18 | Командалық эстафеталар | Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары | 2 | 25.10<br>26.10 |
| 19 | Ерекше сабақтар | Гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету. | 1 | 06.11 |
| | | **Қараша айы 11 сағат** | | |
| 20 | Акробат болғым келеді | Заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету. | 2 | 08.11<br>09.11 |
| 21 | Ақылдылар | Допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету. | 1 | 13.11 |
| 22 | Бізбен бірге және бізден артық орында | Балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату. | 2 | 15.11<br>16.11 |
| 23 | Біз-болашақ әскерміз! | Заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. | 1 | 20.11 |
| 24 | Біздің стадион | Кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру. | 1 | 22.11 |
| 25 | Менің отбасым | Еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. | 1 | 23.11 |
| 26 | Менің үйім | Балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары. | 1 | 27.11 |
| 27 | Күшті, батыл және үлкен боламын! | Балаларға ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіруге жаттықтыру.Алақанды соққан соң қағып алған допты екі қолмен жоғары лақтыра алуға тәрбиелеу. Ағаш қадалар арағынан еңбектеп өту жаттығуларын дұрыс орындай алуға жаттықтыру. | 1 | 29.11 |
| 28 | Командалық қимылдарды орындау. | Қардан тұрғызылған құрылыстар арасынан қатармен жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру.Затқа дейін екі аяқтап секіру, қар кесегін нысанаға дәл лақтыра алуға тәрбиелеу. | 1 | 30.11 |
| | | **Желтоқсан айы 13 сағат** | | |
| 29 | Мерген болғым келеді | Сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру. Қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. | 2 | 04.12<br>06.12 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 30 | Әкем, анам және мен! | Шаңғымен жүру кезінде ырғақтылықты дамыту. Екі аяқпен жасалатын жаттығулар. Жүгіру және қар кесегін нысанаға лақтыру ойын – жаттығулары жасай алуға тәрбиелеу. | 2 | 07.12<br>11.12 |
| 31 | Отбасымызбен бірге жаттығамыз | Гимнастикалық қабырғаның басына дейін әртүрлі әдіспен өрмелеп шығу жаттығуларымен таныстыру. | 2 | 13.12<br>14.12 |
| 32 | Отбасылық альбом | Допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.Текшелерді аттап өтіп, гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыру. | 1 | 21.12 |
| 33 | Хоккей ойнап үйренеміз? | Қапшықты тізелердің арасынан қысып алып, екі аяқтап секіруге тәрбиелеу. | 2 | 20.12<br>21.12 |
| 34 | Тату -тәтті баламыз? | Балаларға шаңғымен сырғу арқылы жылжу жаттығуларымен таныстыру. | 1 | 25.12 |
| 35 | Менің көңілді добым | Шайбамен және доп таяғымен жасалатын ойын – жаттығуларды орындату.Мұз жолдармен сырғанай алуға тәрбиелеу. | 1 | 27.12 |
| 36 | Аулада ойнайтын ойындар | Қатарға тұруға жаттықтыру, 2-3 тізбекті сапта шашырап жүгіріп, содан соң тізбектегі орнын табуды; допты жоғары лақтырып, оны екі қолмен қағып алуға үйрету. | 1 | 28.12 |
| 37 | Асықпен ойналатын ойындар | Денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Балаларға асықпен ойнайтын ойындарды дұрыс ойнай білуге тәрбиелеу. | 1 | 08.01 |
| | | **Қаңтар айы 10 сағат** | | |
| 38 | Хоккей ойнаймыз | Балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру. | 2 | 10.01<br>11.01 |
| 39 | Керуен | Ойын элементтерін дұрыс жасай білуге жаттықтыру.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау барысында тұлғаның дұрыс дамуын қалыптастыру. Нысананы көздеп доп тигізуге үйрету. Доппен ойнау жаттығулары. Жүгіру және секіру жаттығулары | 1 | 15.01 |
| 40 | Наурызым қорығы | Үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» бейнеленген суреттерді басып ұзындыққа секіруді үйрету. | 2 | 17.01<br>18.01 |
| 41 | Ержүрек құмырсқалар | Балаларды тоқтамай жүгіруге, құмырсқалардың қимылын қайталай білуге тәрбиелеу.қимылын келтіріп, кең адымдап шапшаңдықпен жүруге жаттықтыру. | 1 | 22.01 |
| 42 | Мультфильмдер әлемі | Қарама-қарсы отырып, нығыздалған мақта допты бірбіріне аяғымен домалатуды, қолды жоғары, желкеде, белде ұстап, жан-жаққа созуды, жіп астынан еңкейіп тура және бір бүйірмен өтуді үйрету. | 1 | 24.01 |
| 43 | Шаңғымен жүру | Көлбеу қойылған тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап, бір бүйірмен жүруді, аяқты-аяқтың алдына қойып жүруді; допты еденге соғып алып жүруді үйрету. | 2 | 25.01<br>29.01 |
| 44 | Біздің айналамыздағы әлем | Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету. | 1 | 31.01 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Ақпан айы 9 сағат** | | |
| 45 | Африкаға саяхат | Гимнастикалық орындық үстінде бір бүйірмен жүруді; бір бүйірмен аяқты аяққа тигізіп жүруді, гимнастикалық қабырғада өрмелеуді үйрету. | 2 | 01.02<br>12.02 |
| 46 | Құрлықтар бойынша саяхат | Балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру. Допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру | 2 | 14.02<br>15.02 |
| 47 | Байқоңыр | Еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, заттардың үстімен екі аяқтап секіруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету. | 2 | 19.02<br>21.02 |
| 48 | Шаңғымен жүру | Шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығулар жасату.. Шайбаны бір – біріне лақтыру және мұз жолымен сырғу жаттығулары | 1 | 22.02 |
| 49 | Жыл мезгілдеріне саяхат | Бір орында тұрып ұзындыққа (60 см) секіру жаттығуларын жасату.Үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету. | 1 | |
| 50 | Жігіттер сайысы | Балаларға дене қимыл жаттығулары арқылы жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. Жүгіру және секіру ойын – жаттығуларын дамыту. | 1 | |
| | | **Наурыз айы 11 сағат** | | |
| 51 | Ұлы есімдер | Балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру.Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру.Еліміздегі атақты спортшылардың еңбегін құрметтй білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 52 | Желаяқтар | Жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. | 2 | |
| 53 | Батырлар | Қолды төбеге қойып гимнастикалық орындық үстінен жүруді, жоғары ілулі тұрған шарға, затқа секіріп қол жеткізуді, биіктікте жүруді үйрету. | 1 | |
| 54 | Мерген | Шапшаңдықпен жүруге,секіруге заттарға денесін тигізбей еңбектеугежаттықтыру. Жүгіріп келіп биіктікке секіруді үйрету. | 1 | |
| 55 | Аңшылар | Еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге, көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп келіп, келесі тақтайға ауысуға жаттықтыру. | 1 | |
| 56 | Қыстаудағы ойындар | Гимнастикалық орындық үстінде қолды жоғары көтеріп, шайбаны хоккей таяғымен кішкентай қақпадан өткізуді үйрету. | 2 | |
| 57 | Желді қуып жет | Екі аяқпен алға секіріп жүруді;Екі аяқпен теп-теңдікті сақтап секіруді үйрету. | 1 | |
| 58 | Жайлаудағы ойындар | Қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен үздіксіз жүруді. Доппен жасалатын жаттығуларды үйрету. | 1 | |
| | | **Сәуір айы 12 сағат** | | |
| 59 | Арқанмен ойнау шынықтырады. | Арқанмен жасалатын дене қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.Белгілі бір белгіге көтерілген арқанның астынан қте білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 60 | Өз бетімізбен жатығамыз | Балаларды қашықтыққа жүріспен кезектестіре отырып жүгіру жаттығуларымен таныстыру1 | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 61 | Жаң-жағыңа жылулық сыйла! | Сақинаны нысанаға дәл тигізіп лақтыруды; орындық, доға астынан еңбектеп өтуді; гимнастикалық орындықта отырып, башпайларды бүгіп-жазып, жаттығу орындауды үйрету. | 1 | |
| 62 | Мұздағы ойын | Денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру. | 1 | |
| 63 | Спорт түрлері | Қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен еңбектеуді, гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету. | 2 | |
| 64 | Жаттығу жеңіс кепілі | Жүру мен жүгіруді алмастыра отырып,эстафеталық жарыс ұйымдастыру. | 1 | |
| 65 | Стадион | Балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру.Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 66 | Бір,екі,үш,балалар алды күш! | Үздіксіз жүру,секіру жаттығуларымен таныстыра отырып,дене қимылдарын дұрыс жасауға бейімдеу. | 2 | |
| 67 | Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары | Гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуларын дұрыс жасай алуға тәрбиелеу.Оң және сол қолымен нысанаға дәл лақтыруға жаттықтыру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. | 3 | |
| | | **Мамыр айы 14 сағат** | | |
| 68 | Волейболшының жаттығуы | Жер бауырлап еңбектеуге, жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. | 2 | |
| 69 | Ойна,ойна доптан айырылып қалма | Гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. | 1 | |
| 70 | Футбол ойнаймыз | Доппен жасалатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру. | 1 | |
| 71 | Волейбол алаңында жаттығу | Еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату. | 1 | |
| 72 | Менің достарымның ойыны | Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіру, 1,5 минутқа дейін үздіксіз жүгіру жаттығуларын жасай алуға жаттығтыру.Ойындағы қауіпсіздік ережерді сақтай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 73 | Қазақ халқының ұлттық ойындары | Шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету.Ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 74 | Ойын ойнап өсеміз | Допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету. | 1 | |
| 75 | Аңшылар | Тік нысынаға заттарды лақтырып,тура ортасына тигізе білуге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 76 | Футбол ойнап шыңыға түс | Доппен жаслатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру. | 1 | |
| 77 | Өрмелеп үйренеміз | Гимнастикалық қабырғаға өрмелей білу жаттығуларын жалғастыру.Баумен жүру ережелерін тиянақты орындай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 78 | Көшбасшы бол | Себетке доп лақтыру жаттығуларын жасай білу.Сызықтан-сызыққа секіру жаттығуларын дамыту.Жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс орындай білуді нақтылау. | 1 | |
| 79 | Тату бола білеміз! | Жаттығуларды ұжымдықпен жасай білуге тәрбиелеу.Ойындардың ережелерін сақтай отырып, ойнай білуге жаттықтыру. | 1 | |
| 80 | Біз оқушы боламыз! | Жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен,шапшаңдылықпен орындай білуді қалыптастыру. Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| | | Барлығы : 105 сағат | | |

## Түсініктеме

«*Сөйлеуді дамыту*» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген*).
2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген*);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген*).

Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұнын ұсынып отыр.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына:

а) жұмыс дәптер;

ә) әдістемелік нұсқау кіреді.

Аталған әдістемелік нұсқауда оқу қызметінің тақырыптық жоспары 36 тақырыптан тұрады.

**Сөйлеуді дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу-қызметінің мақсаты:** мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың жас ерекшелігіне байланысты ана тілінің ережелері мен базалық нормаларын игеруі, оларды нақты жағдайларда қолдана білу іскерлігін қалыптастыру, негізгі коммуникативті қабілеттерді меңгерту.

1. Артикуляциялық аппараттарын дамыту және сөздер мен барлық дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау.

Міндеттері:

2. Білімдерін тереңдету, қоршаған орта туралы түсініктердің негізінде балалардың сөздік қорларын байыту.
3. Баланың тілін байыту барысында тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеу.
4. Сөздің грамматикалық формасын қалыптастыру.
5. Баланың байланыстырып сөйлеу және әңгімелеу, диалог арқылы тілдесу дағдыларын жетілдіру.

## Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған қызметінің перспективалық жоспары 70 (2 сағат )

| № | ҰҚ тақырыбы | Міндеттері: | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қыркүйек айы 8 сағат** | | |
| 1 | Мектептегі алғашқы күн. | 1.Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету<br>2.Мазмұнды жалғастырту арқылы ой қиялдарын дамыту<br>3.Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу | 1 | |
| 2 | Менің досым | 1. Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту.<br>2.Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту.<br>3.Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу. | 1 | |
| 3 | Менің сүйікті ойыншығым | **1.** Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету.<br>2.Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.<br>3.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 4 | Күз бояуы | 1. Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>2.Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.<br>3.Күздің жомарт, мырза екенін айтып,мейірбандыққа тәрбиелеу | 2 | |
| 5 | Менің атам | 1.Отбасы туралы білімдерін кеңейту.<br>2. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.<br>3. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. | 2 | 25.09-27.09.2023ж |
| | | **Қазан айы 8 сағат** | | |
| 6 | Қорыққанға қос көрінеді (ертегі) | 1. Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>2. Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту.<br>3. Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу. | 2 | 2.10,4.10.2023ж |
| 7 | Отбасының күзгі еңбегі | 1. Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу.<br>2. Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету.<br>3. Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 8 | Күзгі жапырақтар | 1. Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру.<br>2. Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту.<br>3. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 9 | Шаштараз | Өлеңді жаттату;<br>Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Қараша айы 8 сағат** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | Ең тәтті дүние ? | **Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру.<br>**Міндеттері:**<br>. Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту.<br>Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>Хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу. | 2 | |
| 11 | Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме) | **Мақсаты:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту.<br>**Міндеттері:** 1. Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. 2. Мақалмәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту.<br>3. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 12 | Қысқа дайындық (ертегі) | **Мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту.<br>**Міндеттері:** 1. Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту.<br>Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 13 | Алғашқы қар | **Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**Міндеттері:** 1. Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу.<br>Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту.<br>Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Желтоқсан айы 8 сағат** | | |
| 14 | Менің Отаным | **Мақсаты:** Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.<br>дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту;<br>**Міндеттері:** 1. Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету.<br>2.Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту.<br>3.Туған өлке, Отанды сүюге баулу. | 2 | |
| 15 | Қыс | **Мақсаты:** «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру;<br>**Міндеттері:** 1. Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.<br>Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту.<br>Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 16 | Ажарлы қыс | **Мақсаты:** «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру.<br>**Міндеттері:**<br>«Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>Балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу**.** | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 17 | Біз де ойнаймыз | **Мақсаты:** Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету.<br>Ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Қаңтар айы 7 сағат** | | |
| 18 | «Ақсақ құлан» аңызы | **Мақсаты:** «Л» – «Р» дыбыстарын үйрету;<br>**Міндеттері:**<br>«Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету.<br>Балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 19 | Су торғайы | **Мақсаты:** «Ж» – «Ш» дыбыстарын таныстыру.<br>**Міндеттері:** 1. Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету.<br>Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту.<br>Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 20 | Қыс қызықтары | **Мақсаты:** Дыбыстық талдау жасауды үйрету.<br>**Міндеттері:** Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.<br>Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту.<br>Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 21 | Қаңтар | **Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br>Балаларға өлең жаттатқызу, мақал-мәтел, жаңылтпашты қайталату, сөздік қорларын дамыту.<br>Табиғатты сүюге баулу. | 1 | |
| | | **Ақпан айы 6 сағат** | | |
| 22 | Кеме (өлең) | **Мақсаты:** Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру.<br>**Міндеттері:** 1. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру.<br>2. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту.<br>3. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 23 | Кім ақылды? (әңгіме) | **Мақсаты:** Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.<br>**Міндеттері:** 1. Сөздерді буынға бөлуді үйрету.<br>2.Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.<br>3.Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | Мамандықтың бәрі жақсы | **Мақсаты:** Мамандықтармен таныстыру.<br>**Міндеттері:**<br>Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.<br>.Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Наурыз айы 7 сағат** | | |
| 25 | Менің анам | **Мақсаты:** Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>Ана туралы өз ойларын айтқызу.<br>Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту.<br>Ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 26 | «Күшік пен мысық»<br>Ертегісі | **Мақсаты:** Сөздерді буынға бөлуге үйрету, дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>Көркем шығармаларды сахналауға үйрету.<br>Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту.<br>Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 27 | Наурыз<br>көктем<br>мерекесі | **Мақсаты:** Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Міндеттері:**<br>Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.<br>Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 28 | «Қасқыр мен түлкі» ертегісі | **Мақсаты:** «З» – «С» дыбыстарын дұрыс айтқызуға қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету.<br>Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, батылдылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| | | **Сәуір айы 8 сағат** | | |
| 29 | Жайлауда | **Мақсаты:** «Ж» – «Ш» дыбыстарының ұқсастығын үйрету.<br>Міндеттері:<br>Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру.<br>Балалардың сөздік қорын дамыту.<br>Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу | 2 | |
| 30 | Мен ғарышкер боламын | **Мақсаты:** «Қ» – «Ғ» дыбыстарын таныстыру.<br>**Міндеттері:**<br>Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.<br>Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту.<br>Еңбекқорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 31 | Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш | **Мақсаты:** Сөзді буынға бөлуді дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету.<br>Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту.<br>Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 32 | Маңдай тер | **Мақсаты:** Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау.<br>Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету. Үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Мамыр айы 10 сағат** | | |
| 33 | Күн, Ай және Қораз | **Мақсаты:** Дыбыс туралы алған білімдері пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>Сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру.<br>Достықты бағалай білуге тәрбиелеу. | 3 | |
| 34 | «Түлкі мен Қоян» ертегісі | **Мақсаты:** Дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Міндеттері:** 1. Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>Баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.<br>Балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. | 3 | |
| 35 | Жаздың кезі көңілді | **Мақсаты:** Баланың тілдік бейімділігін дамыту.<br>**Міндеттері:** 1. «Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту.<br>Сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру.<br>Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 36 | Асфальттағы суреттер | **Мақсаты:** «Н», «Ң» дыбыстары жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету.<br>**Міндеттері:**. Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату.<br>Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Барлығы 70 сағат** | | |

# ТҮСІНІКТЕМЕ

«Көркем әдебиет» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;

1 жастан 5 жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж.
22 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген).

Міндеттері:

– балаларды көркем шығарма жанрларымен таныстырып, ажырата білуін меңгерту; – балалардың көркем шығармаларды тыңдауға деген қызығушылығын ояту және оның мазмұнын, кейіпкердің көңіл күйін түсінуін қамтамасыз ету;

– балаларды көркем шығарманы әңгімелеуде өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу; – балалардың шығарманы өзінің шығармашылығымен аяқтауға, өзінің пікірін дәлелдеуде жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету;

– көркем шығарма мазмұнын жете түсіндіріп, үлкендер еңбегін құрметтеуге, өзінің туған жерін, елін, Отанын сүюге, адамгершілік сапаларды меңгеруге, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін, көркемдік талғамын, достарымен, үлкендермен оң қарым-қатынас құра білу іскерлігін және мінез-құлық нормаларын қалыптастыру;

– балалардың көркем шығарма мазмұнын өмірмен байланыстыруы және оны күнделікті тұрмыста қажетіне қарай пайдалануда әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру

**«КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ» ұйымдастырылған қызметінің перспективалық жоспары 70 (2 сағат )**

| № | ҰҚ тақырыбы | Міндеттері: | Сағат саны | **Күні** |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қыркүйек 9 сағат** | | |
| 1 | Білімнің бұлағы | Балаларға білім күні туралы түсінік беру.Оқусыз білім жоқ сөзінің мағынасин ұғындыру.Оқуға деген қызығушылықтарын дамыту.Балабақшадағы тәрбиеші және басқада қызметкерлерді құрметтей білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 2 | Күз –жомарт (өлеңін жатттау) | Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру.Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып,өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып жеткізу,Күз байлығы адамдардың еңбегімен келетін ұғындыру.оны бағалай білуге тәрбиелеу, | 2 | |
| 3 | Кішкентай бағбан | Әңгімені оқып беріп,түсінік айту.Балаларға бағбан сөзінің мағынасин түсіндіру.Әңгімені өз сөздерімен айта білуге дағдыландыру.Еңбекке қызығушылықтарын арттыру.Сөздік қорларын молайту.Суретке қарап әңгіме құрастыра алуға тәрбиелеу. | 2 | 15.09-21.09.2023ж |
| 4 | Жемістер жыры (өлеңін жатттау) | Өлең мазмұнын ашу.Өлең ырғағын келтіре отырып,тіл ерешелігін,көркем сөздерін түсіну,әр шумағын қайталау барысында ойлау қабілетін дамыту.Жемістердің пайдасы туралы айтып,құрамындағы дәрумендері туралы түсініктерін кеңейту.Табиғатты сүюге қорғауға тәрбиелеу. | 2 | 22.09-28.09.2023ж |
| 5 | Шаруа мен аю | Ертегіні оқып беру.Кейіпкерлердің бейнесін дұрыс аша білуге дағдыландыру.Ертегіні мазмұнын бұзбай айта біліуге тәрбиелеу.Өз ойларымен ертегі құрастыра алуға қызығушылықтарын ояту. | 2 | 29.09-5.10.2023ж |
| | | **Қазан айы 8 сағат** | | |
| 6 | Менің ойыншықтарым(өлеңін жатттау) | Тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыру.ойыншықтарды ұқыпты,таза ұстай білуге тәрбиелеу.Өз ойыншықтары туралы әңгіме құрастырып, айтуға дағдыландыру. | 2 | 6.10-12.10.203ж |
| | Әкесі мен балалары | Әңгіменің балаларға мазмұна келтіріп оқып,түсіндіру<br>Сурет бойынша әңгімелету. Балаларды үлкенді құрметтеуге,ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 7 | Арыстан мен тышқан (ертегісі) | Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау қабілеттін дамыту.Ертегінің мазмұнын,басты кейіпкердің мінез құлқына баға бере отырып,өз ойларын жеткізе білуге баулу.Өз түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру.Бір-біріне қамқор болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| | Алтын астық (Қосжан Мүсіреповтің өлеңі) | Әңгімені оқып,сурет бойынша түсіндіру. Жылдың күз мезгілінде бидайдың пісетінін түсіндіру. Үлкендерді құрметтеуге,еңбегін бағалауға дағдыландыру | 2 | |
| | | **Қараша айы 7 сағат** | | |
| 8 | Мақта қыз бен мысық | Ертегіні оқып беру.Ертегідеге кейіпкерлердің атауларын дұрыс айта білуге дағдыландыру.Достық туралы ұғымды түсіндіру.Үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.Ертегіні дұрыс айта біліуге тілдерін жаттықтыру.Сөздік қорларын молайту. | 2 | |
| 9 | Әдептілік әлемі (Ермек Өтетілеуұлынын өлеңі) | Әдептілік әлемі туралы түсінік беру.Әдепті болу әр адамның өз қолында екенін түсіндіру.Үлкендерге,кішілерге көмек беруге тәрбиелеу.Әдепті адам көрікті көрінетіні туралы ұғындыру.Жақсы сөздерді жиі айта білуге дағдыландыру.Әдептілікті әркез жасай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 11 | Ақмақ қасқыр (ертегі) | Балаларға ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлердің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге,өз ойларыне жеткізге білуге үйрету..Ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| | Қыс | Қыс өлеңін дауыс ырғағына келтіріп айту,мазмұнын ашу.Өлең шумақтарын жаттау сөздік қорларын молайту.Балаларға табиғат көрністерін сипаттауды,қыс қызықтарын айтқызып үйрету. | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (Абдрахман Асылбековтің өлеңі) | | | |
| | | **Желтоқсан айы 9 сағат** | | |
| 12 | Тәуелсіз Қазақстан (Оразақын Асқардың өлеңі) | Тәуелсіз Қазақстан туралы түсінік беру.Тәуелсіз сөзінің мағынасын түсіндіру.Тәуелсіздік оңайлықпен келмегені туралы ұғындыру.Ел батырларының батырлығын құрметтей білуге тәрбиелеу.Өз елінің тілін,рәміздерін дұрыс айта білуге білімдерін кеңейту.Өлеңді дұрыс айта білуге тілін дағдыландыру. | 3 | |
| 13 | Менің елімнің рәміздері | Өлеңді дауыс ырғағына келтіріп айту,мазмұнын ашу.Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге,туған жерін,Отанын сүюге тәрбиелеу.Имандылық адамгершілік тәрбиесіндегіүлгі-өнеге сөздерді үйретіп,елді қорғауға баулу. | 3 | |
| 14 | Тәуелсіздігіміз мәңгілік (Әлия Дәулеткелдінің әңгімесі) | Біздің Отанымыз туралы түсінік беру.<br>Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларын сурет бойынша көрсету.Тәуелсіздік күні туралы түсінік беру.<br>Өздерінің қайда тұратындары туралы сұрау. | 3 | |
| | | **Қаңтар айы 7 сағат** | | |
| 15 | Орман емшілері | Балаларға жұмбақ жасыру арқылы,жаңа тақырыпты түсіндіру. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленгені туралы сұрау. Орман дәрігері деп қай құсты атайды,құстар қайда тіршілік етеді? (сурет бойынша жауаптарын алу) | 2 | |
| 16 | « Жаңа жыл келді»(суретке қарап әңгіме құрап, айту) | Жақсылық, мейрімділік құндылықтары туралы білімдерін тереңдету.<br>Бір-біріне жақсылық ойлауға, жақсы тілектер айтуға баулу. | 1 | |
| 17 | Б.Әбділовтің «Жақсы мен жаман» әңгімесінің мазмұнын айту | Өлеңді оқып беру.<br>Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорын молайту. Қызығушылығын арттыру. | 2 | |
| 18 | Алтын балта (орыс халық ертегісі) | Ертегіні сурет бойынша баяндау.<br>Ертегі кейіпкерлерінің қимыл- әрекетін және эмоциясын келтіріп түсіндіру. Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. | 2 | |
| | | **Ақпан айы 6 сағат** | | |
| 19 | Бір уыс мақта (Ыбырай Алтынсариннің әңгімесі) | Әңгімені оқып,түсінік беру.Сурет бойынша әңгіме құрастыра алуға білімдерін кеңейту.Әр заттың пайдасы болатыны туралы түсінік беру.Әңгіме құрастыра айтуға білуге қызығушылықтарын арттыру.Мақтаның пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. | 2 | |
| 20 | Мысық,әтеш және түлкі (ертегі) | Ертегіні оқып беру.Ертегі кейіпкерлерінің жағымды,жағымсыз кейіпкер екенін ажарата білуге дағдыландыру.Ертегіні дұрыс айта білуге тәрбиелеу.Қызығушылықтарын арттыру. | 2 | |
| 21 | Татар халық ертегісі «Үш қыз» | Татар, шешен халықтарының ұлттық салт-дәстүрімен таныстыру. Қазақ салт-дәстүрімен салыстырып, айырмашылықтарын ажырата білуге жаттықтыру. Өзге ұлт өкілдерін сыйлауға тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Наурыз айы 7 сағат** | | |
| 22 | Түлкі мен қоян (ертегі) | Ертегіні оқып беру.Ертегі кейіпкерлерінің жағымды,жағымсыз кейіпкер екенін ажарата білуге дағдыландыру.Ертегіні дұрыс айта білуге тәрбиелеу.Қызығушылықтарын арттыру | 2 | |
| 23 | Шықбермес Шығайбай (қазақ халық ертегісі) | Ертегі желісін сурет бойынша баянда.<br>Ертегі кейіпкерлерінің қимыл- әрекетін,эмоциясын келтір.<br>Алдаркөсенің көңіл күйі қандай?<br>Балараға көрсетіп,түсіндіру.<br>Балаларды кеңпейіл болуға тәрбиелеу. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | Көктем (Төлеген Айбергеновтің өлеңін жатттау) | Көктем өлеңін мәнерлеп оқу,сөздердің мағналарын түсіну.Өлең арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту,көктем туралы өз ойларын қиялымен ашып айта білуге баулу. | 2 | |
| 25 | Әже (Әбубәкір Қайранның өлеңін жатттау) | Әже сөзі туралы түсінік беру.Әжесінің отбасында алар орны бөлек екенін ұғындыру.Әжесі туралы әңгімелеп беруге сөздік қорларын молайту.Үлкендерге қамқор бола білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| | | **Сәуір айы 8 сағат** | | |
| 26 | Наурыз (Қастек Баянбайдың өлеңі) | Ақынның наурыз туралы өлеңің мәнерлеп оқып беру.<br>Наурыз мерекесі туралы айтып,өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқып жеткізу.Салт-дәстүр,әдет ғұрыптар туралы ұғындыру,оны бағалап құрметтей білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 27 | Наурыз көже (Серік Нұғыманның әңгімесі) | Наурыз мерекесі туралы айтып,өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқып жеткізу.Салт-дәстүр,әдет ғұрыптар туралы ұғындыру,оны бағалап құрметтей білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 28 | Көктем сәні ертегісі | Ертегіні тыңдап ,ертегі кейіпкерлерін талдауда мазмұнын идеясын ертегі жанырының ерекшелігін сезіну.Ертегіні баяндауда өз ойын қиялмен ұштастыруға үйрету. | 2 | |
| 29 | Мен ғарышкер боламын (Жақан Смақовтың өлеңі) | Ғарышкер туралы түсінік беру.Ғарыш әлемінің кереметтерімен таныстыру.Ғарышкерлерді құрметтей білуге тәрбиелеу.Ғарыш туралы білімдерін кеңейту. | 2 | |
| | | **Мамыр айы 9 сағат** | | |
| 30 | Аққөжектің достары (Ботақан Қошымовтың ертегісі | Балаларға ертегі туралы әңгімелеп беру.<br>Ертегі кейіпкерлерімен таныстыру.<br>Сурет бойынша әңгімелеуге дағдыландыру. Мейірімділікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 31 | Киіз үй (Қастек Баянбайдың өлеңі) | Өлеңді мәнерлеп оқып мазмұнын ашу.Киіз үйдің көрінісін сурет бойынша сипаттапәңгімелеу.Өлең жолдарын жаттау,сөздік қорын молайту.Ұлттық құндылықтарды бағалай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 32 | Достық мерекесі (Серікбай Оспановтың өлеңі) | Достық мерекесі туралы түсінік беру.Ғаламда көптеген ұлттар тұратыны туралы түсінік беру.Әр ұлты дос деп қабылдау керек туралы білімдерін кеңейту.Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге сөздік қорларын молайту. | 1 | |
| 33 | Жеңіс күні | Өлең шумақтарын мәнерлеп оқу жаттау,мазмұнын ашу.9 мамыр-Жеңіс күні туралы Ұлы Отан соғысында елімізді жерімізді жаудан қорғаған батыр ағаларымыздың ерлігін сурет бойынша әңгімелеу. | 1 | |
| 34 | Бала-біздің болашақ (өлеңін жатттау) | Бала-біздің болашақ өлеңінің мазмұнын ашу.Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып әр шумағын қайталау,жаттау.Балалар мерекесві туралы өз ойларын айтып жеткізу.Балаларды достыққа ,адамгершілікке тәрбиелеу. | 1 | |
| 35 | Ертегілер еліне саяхат | Сурет бойынша ертегілерді әңгімелеу.<br>Қандай ертегі бейнеленгенін сұрау.Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Кейіпкерлердің дауысын,қимылын қайталауға дағдыландыру. | 1 | |
| | | **Барлығы : 70** | | |

## ТҮСІНІКТЕМЕ

*«Сауат ашу негіздері»* оқу-әдістемелік кешені (бұдан әрі – ОӘК) төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген*).
1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген*);
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 қыргүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген*).
Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.
**Сауат ашу негіздері бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:** оқу мен жазудың бастапқы дағдыларын меңгеруге дайындау,
балалардың шығармашылық белсенділігі мен бастамашылдығын дамыту, ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:**

1) «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.
2) Дыбыстарды бөлінуіне қарай ажыратып (дауысты-жуан/жіңішке; дауыссыз-қатаң, ұяң, үнді), оларды дұрыс атай білуге жаттықтыру.
3) Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету.
4) Сөйлем туралы бастапқы түсініктерін (грамматикалық анықтамасыз), сөйлемдегі сөздердің ретін сақтап, сөйлем құрай білу дағдыларын қалыптастыру.
5) Сөздегі буындардың ретін анықтай алу, буындардан сөз құру (ауызша), жай сөздердегі дыбыстардың ретін көрсете алуға жаттықтыру.
6) Қолды жазуға дайындау жұмыстары арқылы кезінде денені дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге, түрлі сызық түрлерін салуға үйрету.

## Сауат ашу негіздері ұйымдастырылған қызметінің перспективалық жоспары 105 (3 сағат )

| № | ҰҚ тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттері: | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қыркүйек айы 13 сағат** | | |
| 1 | Дыбыс | **Мақсаты:** дыбыс туралы түсінік беру.<br>**Міндеттері:**<br>Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету. Ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 2 | Дыбыс пен сөз | **Мақсаты:** «дыбыс» және «сөз» туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру. Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу. | 2 | 12.09.-13.09.2023ж |
| 3 | Сөз | **Мақсаты:** сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.<br>Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 2 | 14.09-19.09.2023ж |
| 4 | Сөз. Сөздің мағынасы | **Мақсаты:** «сөз» ұғымымен таныстыруды жалғастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету.<br>Сөз сызбасымен таныстыру арқылы фонематикалық есту, есте сақтау қабілеттері мен саусақ бұлшық еттерін дамыту.<br>Ұқыпты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу. | 2 | 20.09-21.09.2023ж |
| 5 | Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз? | **Мақсаты:** «дыбыс», «сөз» туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:** балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру.<br>Қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ұқыптылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 6 | Дауысты дыбыстар | **Мақсаты:** дауысты дыбыстар туралы түсінік беру.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздегі дыбыстардың біріздiлігін белгілеуге үйрету.<br>Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 7 | Жуан дауысты | **Мақсаты:** жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолымен таныстыру. | 2 | 3.10-4.10.2023ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дыбыстар | **Міндеттері:**<br>Жуан дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру.<br>Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту.<br>Жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | |
| | | **Қазан айы 12 сағат** | | |
| 8 | Жіңішке дауысты дыбыстар | **Мақсаты:** жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.<br>**Міндеттері:**<br>Жіңішке дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру.<br>Жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. | 2 | 10.10,11.10.2023ж |
| 9 | Жуан,жіңішке дауысты дыбыстар | **Мақсаты:** Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Сөзде дауысты дыбыстар жуан немесе жіңішке дауыстылардан тұратынын түсініктерін бекіту.<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 10 | Дауыссыз дыбыстар | **Мақсаты:** дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.<br>**Міндеттері:**<br>Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту.<br>Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. | 2 | |
| 11 | Біз нені үйрендік? | **Мақсаты:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру.<br>Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге жаттықтыру.<br>Мұқияттылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 12 | Біз нені үйрендік, нені білдік? | **Мақсаты:** дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 13 | Қатаң дауыссыз дыбыстар | **Мақсаты:** қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Міндеттері:**<br>Қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Қараша айы 11 сағат** | | |
| 14 | Ұяң дауыссыз дабыстар | **Мақсаты:** ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Міндеттері:** | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Ұяң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>Еңбекқорлыққа тәрбиелеу | | |
| 15 | Үнді дауыссыз дыбыстар | **Мақсаты:** үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Міндеттері:**<br>Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету.<br>Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 16 | Біз нені үйрендік, нені білдік? | **Мақсаты:** дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері**:<br>Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>Дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 17 | Дыбыстар әлемі | **Мақсаты:** дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.<br>Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.<br>Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | 2 | |
| 18 | Буын | **Мақсаты:** сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.<br>**Міндеттері**:<br>Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету.<br>Сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту.<br>Ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 19 | Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз | **Мақсаты:** буын туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру.<br>Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.<br>Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| | | **Желтоқсан айы 13 сағат** | | |
| 20 | Буынға бөлейік | **Мақсаты:** сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.<br>Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 21 | Ойнай отырып оқимыз | **Мақсаты:** буындардан сөз құрауға үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру.<br>Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту.<br>Шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 22 | Дыбыстық талдау | **Міндеттері:**<br>Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру.<br>Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>Тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 23 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>Сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту.<br>Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 24 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Міндеттері:**<br>Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>Графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту.<br>Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 25 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын одан әрі жетілдіру.<br>**Міндеттері:**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.<br>Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту.<br>Тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 26 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдау жасаулары одан әрі жетілдіру.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.<br>Дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| | | **Қаңтар айы 10 сағат** | | |
| 27 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.<br>Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту.<br>Дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. | 2 | |
| 28 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.<br>Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу. | 2 | |
| 29 | Дыбыстық талдау | 3. Тапсырмаларды орындату арқылы талаптану, іздену секілді қасиеттерін тәрбиелеу. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 30 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту.<br>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту.<br>Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 31 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын жетілдіру.<br>**Міндеттері:** Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Ақпан айы 9 сағат** | | |
| 32 | Сөздерді буынға бөлеміз | **Мақсаты:** сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 33 | Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. | **Мақсаты:** сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту.<br>Білімпаз болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 34 | Дыбыстың сөздегі орны | **Мақсаты:** әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру.<br>**Міндеттері:**<br>Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету.<br>Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 35 | Ойнай отырып оқимыз | **Мақсаты:** өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау.<br>**Міндеттері:** Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту. | 2 | |
| 36 | Біз нені үйрендік, нені білдік? | **Мақсаты:** балалардың білімін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.<br>Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру.<br>Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| | | **Наурыз айы 11 сағат** | | |
| 37 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдау жасауды меңгертуді жалғастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету. | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту.<br>Дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу. | | |
| 38 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдау жасауды дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.<br>Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>Дербес жұмыс істеу алуға және әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу. | 1 | |
| 39 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды түсініктерін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.<br>Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру. Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 40 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>**Міндеттері:**<br>Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру.<br>Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.<br>Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 41 | Сөйлем | **Мақсаты:** сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.<br>Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.<br>Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 42 | Сөйлем сызбасы | **Мақсаты:** сөйлем сызба туралы түсіндіру.<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету.<br>Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>Басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 43 | Сөйлем құрау | **Мақсаты:** «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту.<br>**Міндеттері:** .<br>Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту.<br>Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру.<br>Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 44 | Ойнай отырып оқимыз | **Мақсаты:** сөйлем құру және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>Сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту.<br>Көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 45 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 46 | Біз нені үйрендік, нені білдік? | **Мақсаты:** буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру.<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Қайырымды болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 47 | Біз нені үйрендік? | **Мақсаты:** сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Қайырымдылық, қамқорлық сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту.<br>Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы еңбек етуге тәрбиелеу. | 1 | |
| | | **Сәуір айы 12 сағат** | | |
| 48 | Біз сөйлем құрай аламыз | **Мақсаты:** сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру**.**<br>Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. | 1 | |
| 49 | Біз нені үйрендік, нені білдік? | **Мақсаты:** өткен тақырыптарды қайталауға жаттығулар жасату.<br>**Міндеттері:**<br>Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.<br>Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту.<br>Ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу. | 1 | |
| 50 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту.<br>Графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 51 | Дыбыстық талдау | **Міндеттері:**<br>Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.<br>Салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 52 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдауды пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.<br>Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту.<br>Ұйымшыл болуға тәрбиелеу. | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 53 | Сөздің дыбыстық сызбасы | **Мақсаты:** сөздің дыбыстық сызбасы туралы алған білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.<br>Сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 54 | Біз нені үйрендік? | **Мақсаты:** сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. Штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 55 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.<br>Үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 56 | Ойнай отырып оқимыз | **Мақсаты:** түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>.Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру.<br>Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 57 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту.<br>**Міндеттері:** Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу. | 2 | |
| 58 | Біз нені үйрендік? | **Міндеттері:**<br>Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру.<br>Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| | | **Мамыр айы 14 сағат** | | |
| 59 | Біз нені білдік? | **Мақсаты:** қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін пысықтау.<br>**Міндеттері:** Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту.<br>Достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу. | 1 | |
| 60 | Дыбыстық талдау | **Мақсаты:** төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.<br>**Міндеттері:** | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру.<br>Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. | | |
| 61 | Сөйлем құрай білеміз | **Мақсаты:** сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.<br>Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту.<br>Ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 62 | Біз нені білдік? | **Мақсаты:** өткен тақырыптарды пысықтау.<br>**Міндеттері:** Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру.<br>Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту. Өнерлі болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 63 | Біз нені үйрендік? | **Мақсаты:** алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.<br>Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 64 | Біз нені үйрендік, нені білдік? | **Мақсаты:** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.<br>**Міндеттері**:<br>Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.<br>Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. | 1 | |
| 65 | Дыбыстық талдау | **Міндеттері:**<br>Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру.<br>Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту.<br>Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 66 | Біз нені үйрендік? | **Мақсаты:** қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту.<br>Достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу. | 1 | |
| 67 | Біз нені үйрендік? | **Мақсаты:** өткен тақырыптарды естеріне түсіріп қайталату.<br>**Міндеттері:** Сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. 2 Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>Балаларға тыйым сөдердің мағынасын түсіндіру арқылы әдепті болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 68 | Біз нені білдік? | **Мақсаты:** сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту. | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Міндеттері:** Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту. Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. | | |
| 60 | Үйренгендерімізді қайталаймыз | **Мақсаты:** үйренгендерін қайталату, пысықтау.<br>**Міндеттері:** Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту.<br>Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу. | 1 | |
| 70 | Біз нені үйрендік, нені білдік? | **Мақсаты:** үйренгендерін қайталату, пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту.<br>Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу. | 1 | |
| 71 | Біз нені үйрендік? | **Мақсаты**: сөйлем құрау, сөйлемге сызба сыза алу дағдыларын бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру.<br>Сөйлем құрауға, сөйлемнен бірінші, екінші, үшінші сөздерді таба білуге, сөйлемнің сызбасын сыза білуге жаттықтыру арқылы есте сақтауларын дамыту.<br>Нүктелердің үстімен суретті бастыру жұмысы арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. | 1 | |
| 72 | Біз нені үйрендік, нені білдік? | **Мақсаты:** балалардың білімін пысықтау.<br>**Міндеттері:**<br>Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.<br>Сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту.<br>Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| | | **Барлығы 105 сағат** | | |

## Түсініктеме

«Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 5 мамырдағы №182 бұйрығымен бекітілген*).
2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (*ҚазақстанРеспубликасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген*);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі № 412бұйрығымен бекітілген*).

Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласынажаңа мазмұн ұсынып отыр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Қатынас» білім берусаласы бойынша дайындалған.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің негізгі мақсаты мен міндеттері: үйренген сөздерді пайдаланып байланыстырып сөйлеу; сурет мазмұнын түсініп айтуға үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып ажырата білуге; қысқа өлең, тақпақ, жұмбақтарды жаттап айтуға үйрету.

Осыған байланысты «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешенің басты мақсаты – көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін тиімді әдіс-тәсілдер, құрал-жабдықтар және технологиялардытарату, көрсету.

«Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешенінің құрамы:

1. Әдістемелік нұсқау
2. № 1, 2 жұмыс дәптерлері

Әдістемелік нұсқау төмендегі бөлімдерден тұрады:

- Перспективалық жоспар
- Ұйымдастырылған (72) оқу қызметінің жоспарлары.
- Қосымша материалдар.

Қосымша материалдардың құрамына ертегілер енді.

Әдістемелік нұсқау баланың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын оятуға; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтып, сөз ішіндегі дыбысты ажырата алуға жаттықтыруға; ауызша сөйлеулерін жаттықтыруға; сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыруға; сұрақты түсініп, оған саналы түрде толық жауап беруге дағдыландыруға бағытталған. Сол секілді балалардың ақыл-ойының, қабілеттерінің дамуын ескеріп, олардың зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыта отырып оқыту көзделген.

Дыбыстық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуды үйренсе, тақпақ, жұмбақтарды қайталай отырып, тілдері жаттығады.

## Қазақ тілі іс-әрекетінің ұйымдастырылған перспективасы 70 сағ. (2 сағат)

| № | ҰҚ тақырыбы | Міндеттері: | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қыркүйек айы 8 сағат** | | |
| 1 | Менің балабақшам<br>(менің мектебім) | **Мақсаты:** балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелейбілуге үйрету.<br>**Білімділік міндеті:** балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжәне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогкеқатысуға үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән<br>дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** білімпаздыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 2 | Балабақша бөлмелері<br>(сынып бөлмелері) | **Мақсаты:** балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуғаүйрету .<br>**Білімділік міндеті:** балабақша туралы шағын мәтін құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән<br>дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық,дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>**Тәрбиелік міндеті:** қазақ тілін үйренуге дегенқызығушылықтарын тәрбиелеу. | 2 | |
| 3 | Біздің топ<br>(біздің сынып) | **Мақсаты:** топтағы заттардың атауын еске түсіру,жекеше, көпше түрде айтуға үйрету.<br>**Білімділік міндеті**: *не? нелер?* сұрақтарына дұрыс<br>жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** игерген сөздерін қолданып,шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** топтағы заттарды таза ұстауғадағдыландыру арқылы тазалыққа<br>тәрбиелеу. | 2 | 18.09-19.09.2023ж |
| 4 | Біз балабақшада не істейміз?<br>(біз мектепте не істейміз?) | **Мақсаты:** балабақшадағы іс-әрекеттерін білу, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеугедағдыландыру.<br>**Білімділік міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана | 2 | 25.09-26.09.2023ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрауүйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** сөздегі қазақ тіліне тәндыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | |
| 5 | Балабақша қызметкерлері (мектеп қызметкерлері) | **Мақсаты:** балабақша қызметкерлерінің лауазыматауларын қазақ тілінде айтуға үйрету.<br>**Білімділік міндеті:** балабақшадағы қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауға тәрбиелеу. | 1 | 2.10.2023ж |
| | | **Қазан айы 8 сағат** | | |
| 6 | Менің Ойыншықтарым | **Мақсаты:** тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Білімділік міндеті:** балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауғажаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2- 3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.<br>Диалогке қатысуға үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дағдыландыру, сұраққа толық жауапберуді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 2 | 3.10-9.10.2023ж |
| 7 | Менің сүйікті ойыншығым | **Мақсаты:** ойыншықты меншіктеп айтуға, диалогкеқатысуға үйрету.<br>**Білімділік міндеті:** ойыншықтарды сипаттау, сөздердібайланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп жәнекүнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дамыту, сұраққа толық жауап берудіжетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** ойыншықтармен ұқыпты ойнауғатәрбиелеу. | 2 | |
| 8 | Алтын күз | **Мақсаты:** игерген сөздерін қолданып, шағын мәтінқұру дағдыларын дамыту.<br>**Білімділік міндеті**: күз мезгілінің ерекшеліктерінқазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 9 | Көгөністер | **Мақсаты:** жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуғамашықтандыру, жаттықтыру.<br>**Білімділік міндеті:** тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету.Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>2-3 сөйлеммензатты сипаттай білу дағдыларын дамыту.<br>**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | | |
| | | **Қараша айы 8 сағат** | | |
| 10 | Жемістер | **Мақсаты:** күнделікті жиі қолданылатын жемістердіңатын білуге үйрету.<br>**Білімділік міндеті:** жаңылтпашты жылдам әрі жатқаайта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларынбайыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншіліккетәрбиелеу. | 2 | |
| 11 | Жидектер | **Мақсаты:** сөздік қорларын жидектердің атыментолықтыру.<br>**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білудағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншіліккетәрбиелеу. | 2 | |
| 12 | Ойнайық та ойлайық | **Мақсаты:** өткен тақырыптар бойынша сөздердіқайталау, білімдерін бекіту.<br>**Білімділік міндеті:** меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту,сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Тәрбиелік міндеті**: бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 13 | Неше? Санау | **Мақсаты:** сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріпайтуға жаттықтыру.<br>**Білімділік міндеті:** санамақтар жаттау, тура және керісанау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздердісөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. **Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Желтоқсан айы 8 сағат** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14 | Апта күндері | **Мақсаты:** педагогті тыңдау арқылы есте сақта мензейінін жетілдіру.<br>**Білімділік міндеті:** апта күндерінің қазақша атауындұрыс айту, есте сақтауға үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту.артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.<br>**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 15 | Менің отбасым | **Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.**Білімділік міндеті:** отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ,мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана<br>білуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді<br>дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Тәрбиелік міндеті:** үлкенге құрмет көрсете білугетәрбиелеу. | 2 | |
| 16 | Ғажайып алаң | **Мақсаты:** қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жайсөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту.<br>**Білімділік міндеті:** отбасы мүшелерінің атын қазақшаайтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету,<br>диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді<br>дамыту.<br>**Тәрбиелік міндеті:** үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіругетәрбиелеу. | 2 | |
| 17 | Мен және менің достарым | **Мақсаты:** тақырып бойынша сөздер үйрету, сөздісаналы түрде есте сақтауға жаттықтыру.<br>**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуғажәне оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана<br>білуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән<br>дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру<br>**Тәрбиелік міндеті:** достыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Қаңтар айы 8 сағат** | | |
| 18 | Мамандықтың бәріжақсы | **Мақсаты:** әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру,адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды<br>байқауға үйрету.<br>**Білімділік міндеті:** мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын байыту, дұрыс атау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Тәрбиелік міндеті:** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | | |
| 19 | Жақсы өнеге | **Мақсаты:** қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>**Білімділік міндеті:** сыпайылықты білдіретін сөздерменсөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.<br>**Дамытушылық міндеті:** қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасынжаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру.<br>**Тәрбиелік міндеті**: балаларды сыпайылыққа,инабаттылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 20 | Менің пәтерім (үйім) | **Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>**Білімділік міндеті**: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру.<br>**Дамытушылық міндеті**: Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппараттыдамыту.<br>**Тәрбиелік міндеті**: өз үйіне деген жылы сезімдерінарттыру. | 2 | |
| 21 | Менің бөлмем | **Мақсаты:** шағын мәтін құруға жаттықтыру.<br>**Білімділік міндеті**: сөздік қорларын жаңа сөздерментолықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойыншашағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Дамытушылық міндеті**: қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасынжаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру.<br>**Тәрбиелік міндеті**: бөлмесін жинап жүруге тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Ақпан айы 6 сағат** | | |
| 22 | Менің Отаным | **Мақсаты:** Отан туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Білімділік міндеті:** педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Отан туралы тақпақүйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуғажаттықтыру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** Отанға деген сүйіспеншіліктерінтәрбиелеу. | 2 | |
| 23 | «Зерде» интел-лектуалды ойыны | **Мақсаты:** ойын арқылы ойлау зейінін, білімдерін бекіту. Білімділік міндеті: меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Тәрбиелік міндеті**: білімпаздыққа, шапшаң ойлауға тәрбиелеу | | |
| 24 | Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Ту | **Мақсаты:** Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атауынүйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **Білімділік міндеті:** Мемлекеттік Туды сипаттай білугеүйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. **Тәрбиелік міндеті:** Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. | 2 | |
| | | **Наурыз айы 6сағат** | | |
| 25 | Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба | **Мақсаты:** Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атынүйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **Білімділік міндеті:** Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойыншашағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. **Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. **Тәрбиелік міндеті:** Отанға деген сүйіспеншіліктерінтәрбиелеу. | 2 | |
| 26 | Еліміздің астанасы –Нұр-Сұлтан | **Мақсаты:** Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрапайтуға үйрету. **Білімділік міндеті**: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрдеқолдану дағдыларың қалыптастыру. **Дамытушылық міндеті**: сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. Қазақ тіліне тәндыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Тәрбиелік міндеті**: елорданы мақтан тұтуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 27 | «Мың бір мақал, жүзбір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны | **Мақсаты:** алған білімдерін тиянақтау. **Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздерментолықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларынқалыптастыру. **Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеутілдерін жетілдіру. **Тәрбиелік міндеті:** жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырымдылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Сәуір айы 8 сағат** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 28 | Әсем қала – Алматы | **Мақсаты:** Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту.<br>**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білудағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** Алматы қаласын мақтан тұтуғатәрбиелеу. | 2 | |
| 29 | Қыс қызығы | **Мақсаты:** шағын мәтіндер құрауды үйрету жалғастыру.<br>**Білімділік міндеті:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларынжетілдіру.<br>**Дамытушылық міндеті:** жаңа сөздерде қазақ тіліне тәндыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қордыбайыту және дамыту.<br>**Тәрбиелік міндеті:** қоршаған ортаны бақылату**,**еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 30 | «Қолғап» ертегісі | **Мақсаты:** ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. **Білімділік міндеті:** сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға,сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағынкелтіріп айтуды үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту,сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** сыйластыққа, ұйымшылдыққатәрбиелеу. | 2 | |
| 31 | «Саяхатшы» ертегісі | **Мақсаты:** ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету.<br>**Білімділік міндеті:** Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрысжеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжәне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Тәрбиелік міндеті:** сыйластыққа, ұйымшылдыққатәрбиелеу. | 3 | |
| | | **Мамыр айы 10 сағат** | | |
| 32 | Жаңа Жыл құтты болсын! | **Мақсаты:** Жаңа Жыл мерекесіне байланысты сөздердіқазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. **Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 33 | Қысқы орманға саяхат | **Мақсаты:** ормандағы жануарлар мен құстардыңатауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту.<br>**Білімділік міндеті**: сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұраққойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Дамытушылық міндеті**: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. | 2 | |
| 34 | Менің киімдерім | **Мақсаты:** киімінің қазақша атауларын еске түсіру,жаңа атаулармен таныстыру;<br>**Білімділік міндеті:** Сөздік қорларындағы сөздердібелсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларынжетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету.<br>Киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** сөздегі қазақ тіліне тәндыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту.<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту. **Тәрбиелік міндеті**: киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу. | 2 | |
| 35 | Қысқы киім | **Мақсаты:** қысты киімінің қазақша атауларымен таныстыруды жалғастыру; оларды топтай алуға үйрету.**Білімділік міндеті:** 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білудағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау үйрету.<br>**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, сөйлем құрудағдыларын дамыту.<br>**Тәрбиелік міндеті**: киімді таза ұстауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 36 | Ұлттық киім | **Мақсаты:** ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру.**Білімділік міндеті**: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларынқалыптастыру.<br>**Дамытушылық міндеті:** зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.**Тәрбиелік міндеті**: ұлттық дәстүрлерді құрмет тұтуға тәрбиелеу. | 4 | |
| | | **Барлығы 70 сағат** | | |

## Математика негіздері ұйымдастырылған  қызметінің перспективалық жоспары   105 (3 сағат )

| № | ҰҚ тақырыбы | Міндеттері: | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|
| | | ***Қыркүйек айы  14 сағат*** | | |
| 1 | Біреу – көп | **Мақсаты:** заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру. **Міндеттері:**<br>1. «бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті»  терминдерін енгізу. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.<br>2. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| 2 | Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру | **Мақсаты:** заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Дара заттарды бөлуді үйрету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру; «бір» (біреу) терминдері, бір заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын  және «бірнеше» («көп») топтың жиынтығын білдіретіндігін ұғындыру. Заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға үйрету, заттар | 3 | 12.09,13.09,14.09.2023ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | тобынан 2-3 белгісі бойынша заттарды ерекшелеу. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту.<br>2. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | | |
| 3 | 1саны және цифры.<br>2саны және цифры | **Мақсаты:**1 және 2 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1 және 2 цифрларымен таныстыру; заттарды санай алуға, сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттарды жіктеу біліктілігін бекіту, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты ерекшелеу.<br>Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қимылдарын үйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Дербестікке тәрбилеу. | 3 | 19.09,20.09,21.09.2023ж |
| 4 | 3 саны және цифры. 4 саны және цифры. | **Мақсаты:** 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.<br>**Міндеттері**:<br>Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу. 2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| 5 | 5, 6 сандары және цифрлары. | **Мақсаты:** 5 және 6 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету.<br>1. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату қабілетін; зейін, есте сақтау, сөйлеуін дамыту.<br>2. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 2 | 3.10-4.10.2023ж |
| | | **Қазан айы 12 сағат** | | |
| 6 | 7, 8, 9 сандары цифрлары. | **Мақсаты:** 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен 7, 8, 9 сандарын бейнелеуді үйрету. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | 5.10- |
| 7 | 10 саны. | **Мақсаты:** 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1.10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| 8 | Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. | **Мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету. Сөйлеу барысында «үлкен – кішкентай», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру. Логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Ұқыптылыққа тәрбиелеу | | |
| 9 | Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру . | **Мақсаты:** ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1.Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату.<br>Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| | | **Қараша айы 10 сағат** | | |
| 10 | Дөңгелек, шаршы тіктөртбұрыш, үшбұрыш. | **Мақсаты:** геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Геометриялық фигура – тіктөртбұрышпен таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету.<br>Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| 11 | Дөңгелек және сопақша . . | **Мақсаты:** сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу).<br>Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру.<br>Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| 12 | Шар, текше, цилиндр. | **Мақсаты:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1.Текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету. 2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| | | **Желтоқсан айы 14 сағат** | | |
| 13 | Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең. | **Мақсаты:** уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау.<br>2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>3.Ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| 14 | Апта күндері. | **Мақсаты:** апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру. | 3 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Міндеттері:**<br>1.Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру.<br>2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>3. Дербестікке тәрбилеу. | | |
| 15 | Жыл мезгілдері. | **Мақсаты:** айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атауға білімдерін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту.<br>2. Зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Дербестікке баулу. | 2 | |
| 16 | Ауыр . Жеңіл. | **Мақсаты:** заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту.<br>2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| 17 | Салмағы бойынша тең және тең емес заттар. | **Мақсаты:** салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1.«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.<br>Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| | | **Қаңтар айы 10 сағат** | | |
| 18 | Бүтін және бөлік. | **Мақсаты:**<br>«бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен салыстыру. «+», «–» таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту.<br>Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу. үлкен сандарды | 3 | |
| 19 | Артық, кем, тең. | **Мақсаты:** «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. **Міндеттері:**<br>1. Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту.<br>2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 3. Дербестікке тәрбиелеу. | | |
| 20 | 10 көлемінде және кері санау. тура | **Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету.<br>2. Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.<br>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 4 | |
| | | **Ақпан айы 9 сағат** | | |
| 21 | Заттар салыстыру санау . | **Мақсаты:** теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.<br>2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3.Дербестікке тәрбиелеу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. | 3 | |
| 22 | Заттың бірнеше тең бөліктері . | **Мақсаты:** заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік».<br>2. Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту | 3 | |
| 23 | Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. | **Мақсаты:** қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.<br>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Дербестікке баулу. | 3 | |
| | | **Наурыз айы 11 сағат** | | |
| 24 | Шартты өлшем. | **Мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдарды шығару дағдыларын бекіту.<br>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Дербестікке баулу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. | 2 | |
| 25 | Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, | **Мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** | 3 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қалың – жұқа. Тең заттар. | 1. Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.<br>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>3.Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу**.** | | |
| 26 | Геометриялық фигуралар және денелер . | **Мақсаты:** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру.<br>**Міндеттері:**<br>1**.** Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.<br>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>3. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. | 3 | |
| 27 | Геометриялық пішіндегі заттар. | **Мақсаты:** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.<br>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>3. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. | 3 | |
| | | **Сәуір айы 12 сағат** | | |
| 28 | Не неге ұқсайды? | **Мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; графикалық диктантты орындауға үйрету. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Дербестікке баулу. | 3 | |
| 29 | Кім қайда тұр? | **Мақсаты:** кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптсатыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; «жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада» терминдерін пайдалануға жаттықтыру. Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту.<br>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Дербестікке баулу. | 3 | |
| 30 | Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта – сол жақта. | **Мақсаты:** кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету.<br>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту.<br>Зейін, жад, сөйлеу дағдысын, логикалық ойын тапсырмаларын орындау білігін дамыту.<br>Дербестікке тәрбиелеу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. | 3 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 31 | Жыл мезгілдері.<br>Жыл айлары . | **Міндеттері:**<br>1. **Ж**ыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту. Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту.<br>2.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Дербестікке баулу. | 4 | |
| | | **Мамыр айы 13 сағат** | | |
| 32 | Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтау | **Мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету.<br>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Дербестікке баулу. | 3 | |
| 33 | Таразы. | **Мақсаты:** заттардың массасын өлшеу туралы ұғымды қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; таразыны теңестіру үшін «тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек» деген ұғыммен таныстыру. Санау білігін, суретке қарап мысалдар құрастыру, оны шығару дағдыларын бекіту.<br>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Дербестікке баулу. | 4 | |
| 34 | Өлшеу . | **Мақсаты:** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту.<br>Зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту.<br>Дербестікке баулу. | 3 | |
| 35 | Нені білеміз, нені жасаймыз. | **Мақсаты:** алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>1. 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту.<br>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>3. Дербестікке баулу. | 3 | |
| | | **Барлығы : 105 сағат** | | |

## Түсініктеме

Қоршаған ортамен танысу«Жаратылыстану» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:
1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 5 мамырдағы 182 бұйрығымен бекітілген).
1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген);
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі № 412бұйрығымен бекітілген).
Мектепалды даярлық топқа арналған Жаратылыстану пәні ҰІӘ мақсаты мынадай:
- жанды және жансыз табиғаттағы заттар мен құбылыстар туралы білімдерін арттыру;
-жыл маусымдарындағы құбылыстар, өсімдіктер (жемістер мен көгөністер, ағаштар мен бұталар); жануарлар (үй жануарлары, жабайы аңдар) және олардың жылдың түрлі кезеңдеріндегі тіршілік ету ерекшеліктері туралы; табиғатты мекендеушілерге қамқорлық жасау тәсілдері туралы білімдерін кеңейту;
-себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуге баулу.

Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты мен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес, мектеп жасына дейінгі баланың сабақ мазмұнын игеру деңгейіне қатысты талаптар мынадай: заттың қасиеттерін
айқындайтын танымдық қабілеттерге ие (заттардың қасиеттері мен белгілерін танымдық қызмет санаты ретінде қарастыра алады.
Қоршаған ортаны тану және экологиялық
мәдениетті меңгеру: көрнекі-әсерлік және бейнелі-көрнекі жоспардағы танымдық тапсырмаларды жүйелендіреді, топтастырып, шеше алады; олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу қабілеттерін меңгерген; қоршаған ортаның алуан түрлі екендігін түсінеді; өсімдіктердің, жануарлардың тіршілік ететін ортасының белгілері мен қасиеттерін біледі.

## «Қоршаған ортамен танысу» (жаратылыстану) ұйымдастырылған қызметінің перспективалық жоспары 70 (2 сағат )

| № | ҰҚ тақырыбы | Міндеттері: | Сағат саны | **Күні** |
|---|---|---|---|---|
| | | ***Қыркүйек айы 9 сағат*** | | |
| 1 | **Бізді не қоршап тұр?** | Табиғат және адам жасаған нысандарды ажырата білуге үйрету. Өлі және тірі табиғат туралы, экологияның тірі организмдер үшін маңызы туралы түсінік беру. Адам еңбегіне және табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 2 | **Табиғатта қандай өзгерістер болады?** | Табиғаттың әсемдігіне назар аударуға үйрету. Әр мезгілдің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін кеңейту. Мезгіл өзгерістеріндегіауыл шаруашылығындағы еңбектің түрлері жайлы ұғымдарын кеңейту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін және құбылысына қызығушылықты тәрбиелеу. | 2 | |
| 3 | **Нан қайдан келеді?** | Нан-бұл адам өміріндегі ең басты тағамның бірі екендігі және оны өсірудің өте қиын екендігі жайлы түсіндіру. Дихандардың еңбегі туралы түсінік беру. Адам еңбегіне және нанға деген құрмет тәрбиелеу. | 2 | 15.09-18.09.2023ж |
| 4 | **Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?** | Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыру Саңырауқұлақтардың өсуіне қажетті жағдайларды түсіндіру.Балалардың сөздік қорын байыту | 3 | 22.09,25.09,29.09.2023ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қазан айы 8 сағат** | | |
| 5 | **Ағаш және бұта** | Ағаштардың бұтақтарын  тануға, бұтақтарды қабығынан, бүршіктерінің ерекшеліктерінен,  иісінен ажыратуға үйрету. Түрлі зерттеушілік  әрекеттерді саралап қабылдауды қалыптастыру. | 2 | 2.10-6.10.2023ж |
| 6 | **Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?** | Қазақстанның (құлақты кірпі, сары күзен, қарсақ, дала таспақасы, қосаяқ, құлан) жабайы жануарларымен таныстыру. Оларды ажырата білуге дағдыландыру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін ояту. | 2 | |
| 7 | **Барлық ағаштардың жапырағы түсті ме?** | Ағаштарды тұқымдарынан және олар туралы түсініктерін қалыптастыру. Қайынға, терекке, шыршаға, қарағайға сипаттама беруге  үйретуді дамыту. Туған табиғатына деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. | 2 | |
| 8 | **Жыл құстары** | Қыстайтын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру, оларды елеулі белгілері бойынша ажыратуға үйрету. Құстарға сүйіспеншілікті тәрбиелеу, оларға қыс мезгілінде қамқорлық жасауға баулу. | 2 | |
| | | **Қараша айы 7 сағат** | | |
| 9 | **Аңдар қысқа қалай дайындалады?** | Аңдардың қысқы мекені. Жануарлардың қысқы өмірлерімен таныстыру және түсініктерін қалыптастыру.  Олардың өміріндегі өзгерістерді және тіршіліктері туралы ой-қабілеттерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін ояту, оларға көмек беруге тәрбиелеу. | 3 | |
| 10 | **Терезе алдында не өсіп тұр?** | Балаларда бөлме өсімдіктерінің ызғалды қажет етуі туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің бейімделу қасиеттеріне қөңілдерін аудару. Бақылағыштық қабілеттерін дамыту, оларды күтіп бағуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 11 | **Тұқымнан не өсіп шығады?** | Тұқымдардан жеміс,көкөніс,ағаш,гүлдер  өсетіні туралы түсініктерін нақтылау. Әр өсімдіктердің тұқымын тануға,  ажыратуға үйрету. Көкөністерді өсіруге қызығушылығын  ояту. | 2 | |
| | | **Желтоқсан айы 9 сағат** | | |
| 12 | **Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?** | Балаларға өсімдіктердің өсуі үшін судың қажеттілігі туралы таныстыру. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Балаларды «ауа» түсінігімен, оның қасиеттерімен, адам,өсімдіктер  өміріндегі рөлімен таныстыру. | 2 | |
| 13 | **Табиғат бұрышында мекендеушілерді білесіңбе?** | Балаларға табиғат бұрышын мекендеушілерді таныстыру.Оларға күтіммен қарау керек екенін түсіндіру.Мекендеушілер туралы алған түсініктерін нақтылау, сыртқы кейпін (түсі, дене құрылысы, тұмсығы), қоректенуін, қимыл-қозғалысы мен тіршілік әрекетін білу. | 3 | |
| 14 | **Аквариумда не тіршілік етеді?** | Аквариумда тіршілік ететін жәндіктер туралы түсінік беру.Оларға күтіммен карауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 15 | **Жануарлардың тіршілігі не үшін қажет?** | Үй жануарлары туралы түсініктерін жетілдіру. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету: адамның қолына үйретілген, пайдасын тигізеді, адам оларға қамқорлық жасайды. | 2 | |
| | | **Қаңтар айы 6 сағат** | | |
| 16 | **Боран қай кезде болады?** | Қыс туралы түсініктерін нақтылау және тереңдету: ауа райы жағдайы,табиғат құбылыстары, туралы білімдерін кеңейту. | 2 | |
| 17 | **Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?** | Балаларды мейірімділікке үйрету. Оларды құстарға қамқорлық жасауға баулу, қыста құстарды немен қоректендіретіні туралы қарапайым білім беру. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 18 | Қар тоқтату жұмысы | Қар қай мезгілде жауатыны туралы түсінік беру.Қардың қалай пайда болатыны туралы білімдерін кеңейту.Әр құбылыстың өзіне тән қасиеті болатыны туралы түсіндіру. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту. | 2 | |
| | | **Ақпан айы 6 сағат** | | |
| 19 | Үй жануарлардың қандай пайдасы бар? | Үй жануарлары туралы түсініктерін жетілдіру. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету: адамның қолына үйретілген, пайдасы көптеген туралы білімдерін кеңейту. | 2 | |
| 20 | Әтеш қай кезде шақырады? | Үй құстары туралы білімдерін кеңейту.Мезгіл туралы түсінік беру.Қай мезгіл екенін ажырата білуге тәрбиелеу.Сөздік қорларын молайту. | 2 | |
| 21 | Асыранды үй жануарларын қалай күтіп баптаймыз? | Жәндіктермен таныстыруды жалғастыру. Олардың сыртқы құрылысы ерекшеліктері, қозғалу әдістері, мекендейтін орны бейімделуі туралы балалардың білімдерін жүйелеу.Танымдық қызығушылықтарын арттыру. | 2 | |
| | | **Наурыз айы 8 сағат** | | |
| 22 | Алақай,көктем келді! | Балаларды көктемнің әртүрімен таныстыру (дала, өзен, орман), көктемнің әсемдігін көрсету. Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу. Өсімдіктердің тіршілігіне қызығушылықты ояту.Көктемнің өзіне тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу Табиғаттың көктемгі әсемдігін байқай білуді, эстетикалық талғамды қалыптастыру. | 2 | |
| 23 | Ауа не үшін қажет? | Балаларға адам денсаулығына ауаның, судың және жарықтың тигізетін маңызын айтып түсіндіру. Таза су-бұл табиғаттың баға жетпес құндылығы екенін және өсімдіктердің өсуі үшін жарықтың маңызы зор екенін түсіндіру. Таза ауаны, суды қорғауға тәрбиелеу. | 3 | |
| 24 | Пайдалы қазбалар дегеніміз не? | Балаларға пайдалы қазбалар туралы оның табиғаттың құрамдас бөлігі екендігі туралы түсінік беру. Туған жерді қастерлеуге және қамқор болуға тәрбиелеу. | 3 | |
| | | **Сәуір айы 8 сағат** | | |
| 25 | Орман | Орман туралы түсінік беру.Орманның табиғатта ерекше орын алатыны туралы түсіндіру.Орманда мекендейтін,өсетін өсімдіктерге қарморлықпен қарай білуге тәрбилеу. | 2 | |
| 26 | Өсімдіктерді қалай күту қажет? | Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау туралы түсініктерін жалпылау. Бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 27 | Суда тіршілік ететін жануарлар | Суда тіршілік ететін жануарлармен таныстыру.Олардың пайдасы туралы түсінік беру.Суда мекендейтіндерді ажырата алуға білімдерін кеңейту. Бұл зиянсыз тіршілік иесінің қаншалықты пайдалы және табиғатқа қажет екенін түсіндіру. | 2 | |
| 28 | Көктем белгілері | Балаларды көктемнің әртүрімен таныстыру (дала, өзен, орман), көктемнің әсемдігін көрсету. Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу. Өсімдіктердің тіршілігіне қызығушылықты ояту. | 3 | |
| | | **Мамыр айы 9 сағат** | | |
| 29 | Жаңғақ қайда өседі? | Жаңғақ туралы түсінік беру.Олардың қайда қсетіні турал мағлұмат беру.Денсаулыққа пайдалы екенін ұғындыру.Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | 3 | |
| 30 | Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар? | Өсімдіктердің емдік қасиеттері туралы түсінік беру.Олардың емдік қасиеттері туралы білімдерін кеңейту.Өсімдіктерге деген қызығушылық сезімдерін ояту. | 2 | |
| 31 | Жануарлар жауыннан қалай қорғанады? | Жабайы жануардардың жауыннан қалай қорғанатыны туралы мағлұмат беру.Оларға қамқор жасай білуге тәриелеу. | 2 | |
| 32 | Көктемгі табиғаттың өзгеруі | Көктемнің өзіне тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу Табиғаттың көктемгі әсемдігін байқай білуді, эстетикалық талғамды қалыптастыру | 2 | |
| | | Барлығы 70 сағат | | |

## **ТҮСІНІКТЕМЕ**

Құрастыру,Мүсіндеу, Сурет, Жапсыру  іс-әрекетінің әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген*).

1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген*); 3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген*).

Міндеттері:

Балаларды ерікті түрде ,ой ойларын жүзеге асыруға ,ұсақ қол моторикаларын дамытуға мүміндік беру.

## Шығармашылық іс-әрекет қызметінің перспективалық жоспары 1 сағ.

(құрастыру,мүсіндеу,сурет,жапсыру) (0,25 сағат )

| Р\с | | ҰҚ тақырыбы | Міндеттері: | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Қыркүйек айы 5 сағат** | | |
| 1 | Құрастыру | 1.Ұшақ | **Мақсаты:** құрылыс материалдарынан құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>- құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;<br>- ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту;<br>- өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу. | 1 | |
| 2 | Мүсіндеу | Жеміс бағында | **Мақсаты:** балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеуге үйрету**. Міндеттері:**<br>*білімдік:* пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,жемістерді мүсіндеу; *дамытушылық:* бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту**;** *тәрбиелік:*балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу**.** | 1 | |
| 3 | Сурет | 1. Ағаш бұтақтары *(Түрлі түсті қарындаштар)* | **Мақсаты:** балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бірбірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету. **Міндеттері:**<br>**білімділік:** ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру;<br>**дамытушылық**:балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік:** жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу. | 1 | |
| 4 | Жапсыру | Көшедегі үйлер | **Мақсаты:** көпқабатты және бірқабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Қатпарланып бүктелген қағаздан пішін қию; қайшыны, желімді дұрыс пайдалана білу; үй және оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру.<br>Саусақ моторикасын; логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Шығармашылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 5 | Құрастыру | 2.Көңілді автобус | **Мақсаты:**қағазды ортасынан қос бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктеу тәсілімен таныстыру.<br>**Міндеттері:**<br>- қатырғықағазды ортасынан қос бүктеу тәсілі арқылы автобусты құрастыруға үйрету;<br>- автобустың ұсақ бөлшектерін үлгіге сәйкес қиып дайындау, сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту;<br>- құрылымдық шешімдер таба білуге, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | 1 | |
| | | | **Қазан айы 4 сағат** | | |
| 6 | Мүсіндеу | Себет | **Мақсаты:**себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету.<br>**Міндеттері:** | 1 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *білімдік:*ермексаз кесектерін үзу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып себетті мүсіндей алу білімдерін бекіту; *дамытушылық:*ұсақ қол моторикасын дамыту; *тәрбиелік:* жұмыс барысында тазалыққа, бір-біріне өзара көмек көрсетуге, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу. | | |
| 7 | Сурет | 2.Күзгі орман<br>*(Акварель бояу)* | **Мақсаты:** күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>**білімділік**: мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету;<br>**дамытушылық:** қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік:** ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 8 | Жапсыру | Автобус | **Мақсаты:** заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1.Заттың өзгешелігін түсіндіру; шаршы шеттерін қию арқылы дөңгелек пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды үйрету. Қайшыны, желімді ұқыпты пайдалану дағдысын бекіту.<br>2. Саусақ моторикасын дамыту.<br>3.Жолда жүру ережелерін сақтап, абай болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| | | | **Қараша айы 3 сағат** | | |
| 9 | Құрастыру | .Жәндіктер | **Мақсаты:** табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру, олардан әртүрлі ұсақ заттар дайындай білуге үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>-табиғи материалдардын түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету;<br>- кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>- табиғи материалдармен ұқыпты жұмыс жасай білуге дағдыландыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 1 | |
| 10 | Мүсіндеу | Көгөністер | **Мақсаты:**балаларға көгөністің пайдасын түсіндіру және пішінге келтіре отырып мүсіндей алуға үйрету. **Міндеттері:**<br>*білімдік:*геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; *дамытушылық:* қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттерін дамыту; *тәрбиелік:* адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру. | 1 | |
| 11 | Сурет | 3.Тостаған<br>*(Акварель бояу)* | **Мақсаты:** балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>**білімділік:** балаларға тостаған және оған құйылатын сусындар туралы білім беру;<br>**дамытушылық:** қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруде түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік:**жұмыс барысында икемділікке тәрбиелеу. | 1 | |
| | | | **Желтоқсан айы 5 сағат** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Жапсыру | Алмұрт | **Мақсаты:** жолақшаларды екіге бүктеп қию дағдыларын қалыптастыру;<br>**Міндеттері:**<br>Жеміс туралы жалпы түсінік беру; жолақшаларды тіктөртбұрыш етіп қию, рет-ретімен қатарластырып орналастыру арқылы жапсыру іскерліктерін қалыптастыру.<br>Қол моторикасын жетілдіру, жапсырудың түрлі әдіс-тәсілдерін меңгерту.<br>Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | 1 | |
| 13 | Құрастыру | 4.Жануарлар әлемі | **Мақсаты:**қалдық заттардың түрлерімен таныстыру, оларды пайдалана білуге үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>- киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету;<br>-қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту; сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту;<br>-ұқыптылыққа тәрбиелеу; | 1 | |
| 14 | Мүсіндеу | Саңырауқұлақтар | **Мақсаты:**балаларға саңырауқұлақ туралы түсінік беру, ермексаздан саңырауқұлақ пішінін мүсіндеуге үйрету. **Міндеттері:**<br>*білімдік:*саңырауқұлақ түрлерімен таныстыру, түс ерекшеліктерін ажырата отырып бірнеше саңырауқұлақты мүсіндеу,саңырауқұлақ алқабын жасау;<br>*дамытушылық:*балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; *тәрбиелік:*еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу | 1 | |
| 15 | Сурет | 4.Торсық<br>*(Түрлі түсті қарындаштар)* | **Мақсаты:** балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету.<br>**Міндеттері: білімділік:** торсық және оның жасалу жолдары туралы білім беру;<br>**дамытушылық:** заттың көлеміне, пішініне сәйкес өрнектерді дұрыс орналастыра білу іскерліктерін дамыту; **тәрбиелік:** түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, жұмысты уақытымен нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу. | 1 | |
| 16 | Жапсыру | Күзгі жапырақтар | **Мақсаты:** қағазға заттарды орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді қиюды үйрету. Қайшыны, желімді ұқыпты пайдалану дағдысын бекіту.<br>Саусақ моторикасын; сөйлеу тілін дамыту.<br>Табиғатты сүюге тәрбиелеу. | 1 | |
| | | | **Қаңтар айы 3 сағат** | | |
| 17 | Құрастыру | .Әдемі ұшақтар | **Мақсаты:** қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру;<br>Міндеттері:<br>-қағаздан жасалған бірнеше үлгілерді қарай отырып, оны бүктеу тәсілі арқылы ұшақ жасауды үйрету;<br>-қағаздан құрастыруда шаршы қағазды бүктеу біліктерін дамыту;<br>-ұшақты әшекейлеу, жұмыс орнында тәртіп сақтай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 18 | Мүсіндеу | Күзгі жапырақтар (бедерлі мүсіндеу) | **Мақсаты:** бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру. **Міндеттері:**<br>*білімдік:*маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; *дамытушылық:*балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; *тәрбиелік:*еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 19 | Сурет | 5.Жаңбырлы күн<br>*(Акварель бояу)* | **Мақсаты:** балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру.<br>**Міндеттері:**<br>**білімділік:** балаларға табиғи құбылыстар туралы білім беру;<br>**дамытушылық:** үзік сызықтарды жоғарыдан төмен қарай бір бағытта қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету; **тәрбиелік:** жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу. | 1 | |
| | | | **Ақпан айы 3 сағат** | | |
| 20 | Жапсыру | Күзгі жапырақтар | **Мақсаты:** қағазға заттарды орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді қиюды үйрету. Қайшыны, желімді ұқыпты пайдалану дағдысын бекіту.<br>Саусақ моторикасын; сөйлеу тілін дамыту.<br>Табиғатты сүюге тәрбиелеу. | 1 | |
| 21 | Құрастыру | 7.Орманды мекендеушілер | **Мақсаты:**табиғи материалдардан ұсақ заттар жасай білуге үйрету, оларды пайдалана отырып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>- табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету;<br>- табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;<br>- ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 22 | Мүсіндеу | Жаңғақ кемірген тиін | **Мақсаты:**тиіннің тіршілік ортасы туралы түсінік беру, әдемі мүсін жасауға үйрету**.**<br>**Міндеттері:**<br>*білімдік:*алған білім дағдыларын пайдалана отырып, тиіннің мүсінін жасау, дене бөліктерін біріктіріп қосу, табиғи материалдарды таңдай білу қабілеттерін қалыптастыру; *дамытушылық:*баланың ойын, тілін, шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын дамыту; *тәрбиелік:*жан-жануарларға деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу. | 1 | |
| | | | **Наурыз айы 4 сағат** | | |
| 23 | Сурет | 6. Қоржынды сәндейміз<br>*(Түрлі түсті қарындаштар)* | **Мақсаты:** қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру.<br>**Міндеттері:**<br>**білімділік**: қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту**,** балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; **дамытушылық:** қоржынды нұсқау бойынша безендіру арқылы балалардың көркемдік талғамын және шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік:** ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыру арқылы көркемдік тәрбие беру**,** жұмысты орындау барысында ептілікке тәрбиелеу. | 1 | |
| 24 | Жапсыру | Айдарлы әтеш | **Міндеттері:**<br>Үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту; екіге бүктелген қағаздан заттарды қиюды үйрету. | 1 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қайшыны, желімді ұқыпты пайдалану дағдысын бекіту.<br>Саусақ моторикасын дамыту; ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.<br>Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. ету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасау дағдыларын қалыптастыру. | | |
| 25 | Құрастыру | Ою-өрнектер | **Мақсаты:** қалдық материалдардың түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Сым темірмен жұмыс жасауға дағдыландыру,<br>**Міндеттері:**<br>- сым темірден ою-өрнек құрастыра білуді үйрету;<br>-көрнекіліктерді қолдану және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жұмыс жасай білуді дамыту;<br>-сым темірден жасалған ою-өрнектердің түрлерін атауды және ою-өрнектерді ию арқылы жасай білу, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 26 | Мүсіндеу | Үйрек | **Мақсаты:** балаларды кесек ермексаздан үйрек бейнесін мүсіндеуге үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>*білімдік:*балалардың «үлкен–кіші», «көп–аз» ұғымы, дөңгелек және сопақша пішін туралы түсініктерін бекіту; *дамытушылық:* көркемдік талғамдарын, қиялдарын, ойлау қабілеттерін, саусақ икемділіктерін дамыту; *тәрбиелік:* ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 1 | |
| | | | **Сәуір айы 4 сағат** | | |
| 27 | Сурет | 7. Автобус<br>*(Түрлі түсті қарындаштар)* | **Мақсаты:** төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білу**,** түрлі түсті бояудың көмегімен геометриялық пішіндерді пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету.<br>**Міндеттері:** білімділік: балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру; дамытушылық: заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, оларды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік: достыққа, татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 28 | Жапсыру | 6.Қоңырау | **Мақсаты:** түрлі пішіндерді қию дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1.Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптары туралы білімдерін одан әрі жетілдіру; үлгілерді ұқыптап қия отырып, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді қиюды; орналасу кеңістігін бағдарлай отырып ретімен жапсыруды үйрету.<br>2. Жұмыс барысында қайшыны пайдалану біліктерін жетілдіру.<br>3.Қазақ халқының ұлттық музыкалық шығармашылығына бүлдіршіндердің қызығушылығын арттыру. | 1 | |
| 29 | Құрастыру | 9. Көліктер | **Мақсаты:**құрылыс материалдарымен және «Лего» конструкторлармен жұмыс жасай білуге үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>Құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету;<br>бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; | 1 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. | | |
| 30 | Мүсіндеу | Қоян бауырсақты кездестірді | **Мақсаты:**ертегі әлеміне деген қызығушылықтарын қалыптастыру, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндей білуге және кеңістікте орналастыра білуге үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>*білімдік:*балаларды елестету арқылы таныс бейненің мүсінін жасау іскерліктерін жетілдіру; *бамытушылық:* балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту; *тәрбиелік:* әсемдікті сезіне білуге, сүйіспеншілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| | | | **Мамыр айы 4 сағат** | | |
| 31 | Сурет | 8. Бидай масақтары *(Акварель бояу)* | **Мақсаты:** балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету.<br>**Міндеттері: білімділік:** балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру; **дамытушылық:**балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, суреттің мазмұнын бере білуді үйрету; **тәрбиелік:** астықты, дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 32 | Жапсыру | Қаз балапанымен | **Мақсаты:** балалардың жалпы композиция құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>1. Үй құстарын ажырата білу, ойлау қабілетін дамыту; бүктеу әдісі арқылы бірнеше кескінді бірден қию әдісін меңгерту.<br>Ойын арқылы қол, саусақ қимылдары мен көркемдік талғамдарын дамыту.<br>Үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 33 | Құрастыру | 10. Түлкі мен ешкі | **Мақсаты:** қағаз цилиндрлерден, конустан жануарлардың пішіндерін жасай білуге үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>**-**қағаз конустан ертегі мазмұны бойынша түлкіні және басқа да жануарлардың пішіндерін жасай білуге үйрету;<br>қағазбен жұмыс жасай отырып оларды күрделі емес композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру;<br>жазықтық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерте білуге дағдыландыру, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу | 1 | |
| 34 | Мүсіндеу | Биші Әйгерім | **Мақсаты:** ойыншықтардың әр түрін мүсіндеуге,ұжымда жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету. **Міндеттері:**<br>*білімдік:*ермексаздан әртүрлі пішіндер жасату арқылы баланың қызығушылығын ояту, шығармашылық қабілетін арттыру; *дамытушылық:* балалардың ойлау қабілетін, көркемдік шеберліктерін дамыту. | 2 | |
| | | | **Барлығы: 34 сағат**<br>**Барлығы: 34 сағат** | | |

## ТҮСІНІКТЕМЕ

**«Музыка»** оқу-әдістемелік кешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалған:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген*).

1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген*);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген*).

Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – педагогтерге «Музыка» бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде (бұдан әрі ҰОҚ) жаңа педагогтік тәсілдерді жан-жақты қолдану жөнінде бағыт-бағдар береді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында «Музыка» ҰОҚ бойынша мынадай мақсаты мен міндеттері анықталған:

**Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары 70 (2 сағат )**

| № | ҰҚ тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттері: | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қыркүйек айы 9 сағат** | | |
| 1 | «Білімің – бұлағың» | **Мақсаты:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту.<br>**Міндеттері:** Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру. | 2 | |
| 2 | «Нота үйренейік» | **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Міндеттері:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру. | 2 | |
| 3 | «Көңілді ырғақтар» | **Мақсаты:** Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру**.**<br>**Міндеттері:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту.<br>Көңілді әуенге қызығушылықтарын арттыру. | 2 | 15.09-19.09.2023ж |
| 4 | «Біздің аспаптар» | **Мақсаты:** Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.<br>**Міндеттері:** Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру.<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру. | 3 | |
| | | **Қазан айы 8 сағат** | | |
| 5 | «Біздің серуен» | **Міндеттері:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау. Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету. | 2 | 3.10-6.10.2023ж |
| 6 | «Күз – жомарт» | **Мақсаты:** Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру.<br>**Міндеттері:** Күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қайырмасын ажыратуға дамыту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. Музыка арқылы балалардың эстетикалық талғампаздығын дамыту. | | |
| 7 | Күзгі жаңбыр | **Мақсаты:** Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру.<br>**Міндеттері:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, шырақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту, музыканың шырақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру. | 2 | |
| 8 | «Сабантойды тойлаймыз» | **Мақсаты:**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.<br>**Міндеттері:** Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату. Музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау. Ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Балаларға сабантой мерекесінің мазмұнын таныстыру. Мерекелік көңіл күй сыйлау, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Қараша айы 7 сағат** | | |
| 9 | «Елтаңбасы елімнің | **Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.<br>**Міндеттері:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру.<br>Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Балаларды музыка арқылы бауырмалдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 10 | «Гүлдене бер,<br>Нұр-Сұлтан» | **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық<br>мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату<br>**Міндеттері:** Әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, шырақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның 11кейбір элементтерімен таныстыру. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындауды дамыту. Балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру. | 3 | |
| 11 | «Жомарт өлкем» | **Мақсаты:**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.<br>**Міндеттері:** Қазақ халқының музыкасын қабылдау. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. Балаларды туған өлкесін сүюге, аялай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| | | **Желтоқсан айы 9 сағат** | | |
| 12 | «Біздің рәміздер» | **Мақсаты:** Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.<br>**Міндеттері:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13 | «Егеменді елім» | **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Міндеттері:** Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 14 | «Қысқы орманда» | **Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.<br>**Міндеттері:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру.<br>Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br>Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Балаларды ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 15 | «Орманда серуендейміз» | **Мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету.<br>**Міндеттері:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br>Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету.<br>Серуен арқылы балаларды бір-біріне қамқор болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 16 | «Қысқы әуен сыңғырлайды» | **Мақсаты:** Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.<br>**Міндеттері:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Қолмен музыка бағытын (жоғарытөмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғытөменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру. Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу. | 1 | |
| | | **Қаңтар айы 7 сағат** | | |
| 17 | «Қыс қызығы» | **Мақсаты:** Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау**.**<br>**Міндеттері:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. | 2 | |
| 18 | «Бұл қай кезде болады? | **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Міндеттері:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>Ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. Ойын арқылы балаларды әдептілікке тәрбиелеу. | 3 | |
| 19 | «Қыс келді» | **Мақсаты:** Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу.<br>**Міндеттері:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау.<br>Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру. Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | музыкалықойын бейнелерін: байсалды, көңілді, шаттанған, мәнерлі жеткізу. Табиғатқа деген қызығушылығын тәрбиелеу. | | |
| | | **Ақпан айы 6 сағат** | | |
| 20 | «Айнала ақша қар» | **Мақсаты**: Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру.<br>**Міндеттер**і: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату. | 2 | |
| 21 | «Бесік жыры» | **Мақсаты:** Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету.<br>**Міндеттері:** Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту.<br>Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 22 | «Менің туыстарым» | **Мақсаты:** Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру.<br>**Міндеттері:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру.<br>Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту.<br>Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау. Отбасы мүшелеріне деген сыйластықты дамыту. | 2 | |
| | | **Наурыз айы 7 сағат** | | |
| 23 | «Ақ әжем» | **Мақсаты:** Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу. Сезіммен, ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және таза тыныс алып, бастап айту. Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау. Үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 24 | «Ана – өмір шырағы» | **Мақсаты:**<br>Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету**.**<br>**Міндеттері:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету. Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау. Анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу | 2 | |
| 25 | «Домбыра сазы» | **Мақсаты:**Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.<br>**Міндеттері:** Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | немесе топпен ән айту, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру**.** Балаларға арналған аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру. | | |
| 26 | «Көктем әндері» | **Мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу.<br>**Міндеттері:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерін байланыстыру.<br>Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып әндерді айту. Балаларға арналған аспапта ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру. Ойын арқылы балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| | | **Сәуір айы 8 сағат** | | |
| 27 | «Наурыз – жыл басы» | **Мақсаты:** Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру. **Міндеттері:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. | 2 | |
| 28 | «Қайырлы таң» | **Мақсаты:** Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету.<br>**Міндеттері:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру. Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмашылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 29 | «Ғарыш әлеміне саяхат» | **Мақсаты:** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру.<br>**Міндеттері:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды батырлыққа, ерлікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 30 | «Құстар біздің досымыз» | **Мақсаты:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**Міндеттері:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту.<br>Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру. | 2 | |
| | | **Мамыр айы 9 сағат** | | |
| 31 | «Бақшадағы ән-сауық | **Мақсаты:** Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. Музыка сипатына сәйкес би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеу. | | |
| 32 | «Ән салып, би билейміз» | **Мақсаты:** Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру.<br>Қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Ән арқылы балаларды адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| 33 | «Музыка әлеміне саяхат» | **Мақсаты:** Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру.<br>**Міндеттері:** Лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| 34 | «Ел қорғауға әзірміз» | **Мақсаты:** Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу.<br>**Міндеттері:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау. Балаларды батырлыққа, жігерлілікке тәрбиелеу. фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін а нық бере отырып ойнауды дамыту. Музыка арқылы балалардың патриоттық сезімдерін ояту | 3 | |
| | | **Барлығы: 70 сағат** | | |